



2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата - ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2018 жылғы 5 наурыздағы № 08/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 наурызда № 4651 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Нұра ауданы бойынша 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Д. Тұраровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Омарханов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Нұра ауданының білім беру бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

С.А. Мұқанова

"05" наурыз 2018 жыл

Аудан әкімдігінің
2018 жылғы "05" наурыздағы
№ 08/01 қаулысына
қосымша

2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата - ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ата-аналардың бір айға ақы төлеу мөлшері (теңге)	Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)
		мемлекеттік	мемлекеттік	мемлекеттік
1	Балабақша	241	3 жасқа дейін 9200 3 жастан 6 жасқа дейін 9500	27809
2	Мектепке дейінгі шағын орталық	255	3 жастан 6 жасқа дейін 6600	10831

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК